


**Құрылтайшылардың жалпы
жиналысының шешімімен
06.03.2026ж. №1 хаттамасымен
Бекітілді**



**ЖАРҒЫ
«Inclusive Sport Endowment
Foundation» нысаналы капитал
қоғамдық қоры**

**Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
2026 жыл**

**Утвержден
Решением общего собрания
учредителей
Протокол №1 от 06.03.2026г.**

**УСТАВ
Общественный фонд целевого
капитала «Inclusive Sport
Endowment Foundation»**

**Республика Казахстан
город Астана
2026 год**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «**Inclusive Sport Endowment Foundation**» нысаналы капитал қоғамдық қорының Жарғысы (бұдан әрі – *Жарғы*) оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.
2. «**Inclusive Sport Endowment Foundation**» нысаналы капитал қоғамдық қоры (бұдан әрі – *Қор*) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйым нысанында заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыра алады, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға міндетті.
3. Қордың толық атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «**Inclusive Sport Endowment Foundation**» нысаналы капитал қоғамдық қоры;
 - 2) орыс тілінде: **Общественный фонд целевого капитала «Inclusive Sport Endowment Foundation»**;
 - 3) ағылшын тілінде: «**Inclusive Sport Endowment Foundation**» **Public Endowment Fund**
4. Қордың қысқартылған атауы:
 - 1) қазақ тілінде: «**ISEF**» **НҚКҚ**;
 - 2) орыс тілінде: **ОФЦК «ISEF»**;
 - 3) ағылшын тілінде: «**ISEF**» **PEF**
5. Қордың атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010009, Астана қаласы, Алматы ауданы, Ш.Құдайбердіұлы көшесі, 29/1-үй, 83-пәтер.

2-тарау. Қордың құқықтық мәртебесі

6. Қор – әлеуметтік салада қызмет жүргізетін, мақсатты капиталдың (эндаумент-қордың) активтерін басқару арқылы инвестициялық

Глава 1. Общие положения

1. Настоящий Устав **Общественного фонда целевого капитала «Inclusive Sport Endowment Foundation»** (далее – *Устав*) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательным актам Республики Казахстан.
2. **Общественный фонд целевого капитала «Inclusive Sport Endowment Foundation»** (далее – *Фонд*) в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» и Законом Республики Казахстан «О фондах целевого капитала и эндаумент-фондах (целевых капиталах)» (далее – *Закон*), иными законодательными актами Республики Казахстан, а также Уставом.
3. Полное наименование Фонда:
 - 1) на казахском языке: «**Inclusive Sport Endowment Foundation**» нысаналы капитал қоғамдық қоры;
 - 2) на русском языке: **Общественный фонд целевого капитала «Inclusive Sport Endowment Foundation»**;
 - 3) на английском языке: «**Inclusive Sport Endowment Foundation**» **Public Endowment Fund**.
4. Сокращенное наименование Фонда:
 - 1) на казахском языке: «**ISEF**» **НҚКҚ**;
 - 2) на русском языке: **ОФЦК «ISEF»**;
 - 3) на английском языке: «**ISEF**» **PEF**.
5. Местонахождение исполнительного органа Фонда: Республика Казахстан, 010009, город Астана, Алматинский район, улица Ш.Кудайбердыұлы, дом 29/1, квартира 83.

Глава 2. Правовой статус Фонда

6. Фонд – некоммерческая организация, создаваемая в организационно-правовой форме фонда, осуществляющая

табыс алуды және эндаумент-қордың (мақсатты капиталдың) қайырымдылық бағдарламасында көзделген қайырымдылық нысандарын қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын, қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйым болып табылады. Бұл қызмет заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.
8. Филиал – Қордың орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, Қордың барлық немесе бір бөлігіндегі функцияларын, соның ішінде өкілдік қызметін жүзеге асыратын оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
9. Өкілдік – Қордың орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, Қордың мүдделерін қорғау және өкілеттік ету, оның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық әрекеттер жасау қызметін жүзеге асыратын оқшауланған құрылымдық бөлімшесі.
10. Қор басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіре алады, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың қатысушысы бола алады.
11. Қорда мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы бар мөрі, мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (нышаны) болады.
12. Қор заңнамада белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға, меншігінде немесе оралымды басқаруында оқшауланған мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуға. Мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуға және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілік көтеруге, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға құқылы.

3-тарау. Қызметтің мәні мен мақсаттары

13. Қор қызметінің негізгі мақсаты эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламасында көзделген қайырымдылық объектілерін эндаумент-

деятельность в социальной сфере, по управлению активами эндаумент-фонда (целевого капитала) для обеспечения инвестиционного дохода и финансирования объектов благотворительности, предусмотренных благотворительной программой эндаумент-фонда (целевого капитала), в порядке, предусмотренном Законом.

7. Фонд может создавать филиалы и открывать представительства на территории Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
8. Филиалом является обособленное подразделение Фонда, расположенное вне места его нахождения и осуществляющее все или часть его функций, в том числе функции представительства.
9. Представительством является обособленное подразделение Фонда, расположенное вне места его нахождения и осуществляющее защиту, и представительство интересов Фонда, совершающее от его имени сделки и иные правовые действия.
10. Фонд вправе вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть участником иных юридических лиц.
11. Фонд имеет печать, штампы и бланки с полным наименованием организации на государственном и русском языках, а также эмблему (символику), зарегистрированную в установленном порядке.
12. Фонд имеет право открывать счета в банках в установленном законодательством порядке, иметь в собственности или в оперативном управлении обособленное имущество, а также самостоятельный баланс или смету. Приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести ответственность в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, быть истцом и ответчиком в суде.

Глава 3. Предмет и цели деятельности

13. Основной целью Фонда является финансовая поддержка объектов благотворительности, предусмотренных благотворительной программой эндаумент-

қордың (нысаналы капиталдың) ақшасын және (немесе) өзге де активтерін инвестициялау және кейіннен инвестициялық кірісті пайдалану арқылы қаржылық қолдау болып табылады.

14. Қор мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) эндаументтерді (нысаналы салымдарды) иелену, пайдалану және оларға билік ету;
- 2) эндаумент-қорларды (нысаналы капиталдарды) қалыптастыру және (немесе) толықтыру;
- 3) эндаумент-қорлардың (нысаналы капиталдардың) активтерін басқару;
- 4) эндаумент-қорлардың (нысаналы капиталдардың) активтерін инвестициялау;
- 5) эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламасында кезделген қайырымдылық объектілерін қаржыландыру;
- 6) салымшылармен, құрылтайшылармен, пайда алушылармен және басқа да қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау;
- 7) ақша жинау және эндаументтерді (нысаналы салымдарды) тарту жолымен эндаумент-қорлардың (нысаналы капиталдардың) активтерін ұлғайтуға бағытталған бастамалар жүргізу;

15. Қор қызметінің барлық түрлері Заңда және құрылтай құжаттарында белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

4-тарау. Қордың басқару органдарын қалыптастыру құрылымы мен тәртібі

16. Қордың басқару органдары:

- 1) жоғары алқалы орган – қамқоршылық кеңес;
- 2) атқарушы орган – Директор (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға);
- 3) ішкі аудит қызметі – қамқоршылық кеңес сайлайтын немесе тағайындайтын бақылау органы;
- 4) Заңға және Жарғыға сәйкес өзге де органдар.

17. Қордың басқару органдарын қалыптастыру құрылымы, тәртібі Заңның ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының коммерция-

фонда (целевого капитала), посредством инвестирования денег и (или) иных активов эндаумент-фонда (целевого капитала) и последующего использования инвестиционного дохода.

14. Фонд осуществляет следующие виды деятельности:

- 1) владение, пользование и распоряжение эндаументами (целевыми вкладами);
- 2) формирование и (или) пополнение эндаумент-фондов (целевых капиталов);
- 3) управление активами эндаумент-фондов (целевых капиталов);
- 4) инвестирование активов эндаумент-фондов (целевых капиталов);
- 5) финансирование объектов благотворительности, предусмотренных благотворительной программой эндаумент-фонда (целевого капитала);
- 6) взаимодействие с вкладчиками, учредителями, выгодополучателями и другими участниками;
- 7) проведение инициатив, направленных на увеличение активов эндаумент-фондов (целевых капиталов), путем сбора денег и привлечения эндаументов (целевых вкладов);

15. Все виды деятельности Фонда направлены на достижение целей, установленных Законом и учредительными документами.

Глава 4. Структура и порядок формирования органов управления Фонда

16. Органами управления Фонда являются:

- 1) коллегиальный высший орган – попечительский совет;
- 2) исполнительный орган – Директор (лицо, единолично осуществляющее функции исполнительного органа);
- 3) служба внутреннего аудита – контрольный орган, избираемый или назначаемый попечительским советом;
- 4) иные органы в соответствии с Законом и Уставом.

17. Структура, порядок формирования органов управления Фонда определены Гражданским кодексом Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан о некоммерческих

лық емес ұйымдар туралы заңнамасына сәйкес айқындалған.

18. Қор жұмыскерлерін тағайындау, шеттету тәртібі, олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңдарында және Жарғыда белгіленеді.

19. Қордың консультативтік-кеңесші органдары қамқоршылық кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу мақсатында тек қана қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша құрылуы мүмкін.

5-тарау. Қамқоршылар кеңесі

20. Қамқоршылық кеңес Қордың алқалы жоғары басқару органы болып табылады, ол:

- 1) Қор қызметінің жалпы стратегиясы мен бағыттарын айқындайды;
- 2) Қор Заңға сәйкес эндаумент-қорды (нысаналы капиталды) қалыптастыру және (немесе) толықтыру арқылы қол жеткізетін мақсаттарды айқындайды;
- 3) қамқоршылық кеңестің құрамы мен мүшелерінің саны бойынша өзгерістерді бекітеді;
- 4) эндаумент-қорды (нысаналы капиталды) қалыптастыру және (немесе) толықтыру, эндаумент-қор (нысаналы капитал) қалыптастырылатын мерзім (егер мерзім нысаналы салым шартында айқындалмаса) және эндаумент-қорды (нысаналы капиталды) таратып жіберу туралы шешімдер қабылдайды;
- 5) Жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;
- 6) Заңға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қордың қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекітеді;
- 7) эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) активтерін басқару мен инвестициялаудың кәсіби әдеп қағидаларын бекітеді;
- 8) Қордың есепке алу саясатын бекітеді;
- 9) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 10) жыл сайын Қордың қаржылық жоспарын (бұдан әрі – қаржылық жоспар) бекітеді;

организациях с учетом особенностей Закона.

18. Порядок назначения, отстранения, полномочия и ответственность работников Фонда устанавливаются законами Республики Казахстан и Уставом.

19. Консультативно-совещательные органы Фонда могут создаваться исключительно по решению попечительского совета в целях выработки предложений и рекомендаций по вопросам, отнесенным к компетенции попечительского совета.

Глава 5. Попечительский совет

20. Попечительский совет является коллегиальным высшим органом управления Фонда, который:

- 1) определяет общую стратегию и направления деятельности Фонда;
- 2) определяет цели, для достижения которых Фонд формирует и (или) пополняет эндаумент-фонд (целевой капитал) в соответствии с Законом;
- 3) утверждает изменения по составу и количеству членов попечительского совета;
- 4) принимает решения о формировании и (или) пополнении эндаумент-фонда (целевого капитала), о сроке, на который формируется эндаумент-фонд (целевой капитал) (в случае, если срок не определен договором целевого вклада), и расформировании эндаумент-фонда (целевого капитала);
- 5) вносит изменения и (или) дополнения в Устав;
- 6) утверждает внутренние документы, устанавливающие порядок осуществления деятельности Фонда в соответствии с Законом и законами Республики Казахстан;
- 7) утверждает правила профессиональной этики управления и инвестирования активов эндаумент-фонда (целевого капитала);
- 8) утверждает учетную политику Фонда;
- 9) утверждает годовую финансовую отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности;
- 10) ежегодно утверждает финансовый план Фонда (далее – финансовый план);

- 11) қаржылық жоспардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 12) инвестициялық декларацияны, сондай-ақ оған өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекітеді;
- 13) егер көрсетілген талаптар қайырмалдық шартында айқындалмаса, Қордың меншікті қаражатын және ерікті қайырмалдықтарды пайдаланудың арналымы мен мақсаттарын айқындайды;
- 14) басқарушы компанияларға (фидуциарийлерге) қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;
- 15) эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламаларын бекітеді;
- 16) эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламасының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 17) жыл сайын Қордың қызметін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығыстардың мөлшерлерін бекітеді;
- 18) Қор атқарушы органының басшысын тағайындау немесе шеттету, атқарушы орган мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімі, оларды (оны) тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі туралы шешімдер қабылдайды;
- 19) ішкі аудит қызметінің басшысын тағайындау немесе шеттету туралы шешімдер қабылдайды;
- 20) Қордың консультативтік-кеңесші органдарын құру туралы шешімдер қабылдайды;
- 21) Қордың консультативтік-кеңесші органдарының қызметі туралы ережені бекітеді;
- 22) басқарушы компания (фидуциарий) мен аудиторлық ұйымды, сондай-ақ олардың сыйақысының мөлшері мен нысандарын айқындайды;
- 23) эндаумент-қорды (нысаналы капиталды) қалыптастыру және (немесе) толықтыру үшін ақша жинау туралы шешімдер қабылдайды және ақша жинау жөніндегі нысаналы салым шартының үлгілік нысанын бекітеді;
- 24) егер көрсетілген талаптар нысаналы салым шартында айқындалмаса, инвестициялық кірісті пайдаланудың арналымы мен мақсаттарын, сондай-ақ пайда алушыларды, пайда алушыларға

- 11) осуществляет контроль за выполнением финансового плана;
- 12) утверждает инвестиционную декларацию, а также изменения и (или) дополнения в нее;
- 13) определяет назначение и цели использования собственных средств Фонда и добровольных пожертвований, если договором пожертвования не определены указанные условия;
- 14) разрабатывает и утверждает требования к управляющим компаниям (фидуциариям);
- 15) утверждает благотворительные программы эндаумент-фонда (целевого капитала);
- 16) осуществляет контроль за выполнением благотворительной программы эндаумент-фонда (целевого капитала);
- 17) ежегодно утверждает размеры расходов на обеспечение деятельности Фонда;
- 18) принимает решения о назначении или отстранении руководителя исполнительного органа Фонда, количественном составе и сроке полномочий членов исполнительного органа (лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа), порядке назначения и досрочного прекращения их (его) полномочий;
- 19) принимает решения о назначении или отстранении руководителя службы внутреннего аудита;
- 20) принимает решения о создании консультативно-совещательных органов Фонда;
- 21) утверждает положение о деятельности консультативно-совещательных органов Фонда;
- 22) определяет управляющую компанию (фидуциария) и аудиторскую организацию, а также размер и формы их вознаграждения;
- 23) принимает решения о сборе денег и утверждает типовую форму договора целевого вклада по сбору денег для формирования и (или) пополнения эндаумент-фонда (целевого капитала);
- 24) определяет назначение и цели использования инвестиционного дохода, а также выгодополучателей, объем выплат выгодополучателям за счет инвестиционного дохода, периодичность

инвестициялық кіріс есебінен төленетін төлемдердің көлемін, оларды жүзеге асырудың кезеңділігі мен тәртібін айқындайды;

- 25) атқарушы орган ұсынған, эндаумент-қорды (нысаналы капиталды) қалыптастыруға және (немесе) толықтыруға негіз болатын нысаналы салым шартын келіседі;
- 26) жыл сайын Қордың қызмет бағыттары бойынша оның ақпараттық-түсіндіру жұмысының жоспарын бекітеді;
- 27) Қор жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларға сыйлықақы беру туралы ережені бекітеді;
- 28) Эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) активтерін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімді қабылдайды.

21. Қамқоршылық кеңес Қордың құрылтайшылары (олардың өкілдері), салымшылар (олардың өкілдері), қоғам алдында сіңірген еңбегі, Қор қызметінің мақсаттарына сай салада беделі және (немесе) жетістіктері бар азаматтар және заңды тұлғалардың өкілдері қатарынан құрылады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына Қордың үлестес тұлғалары болып табылатын бір заңды тұлғаның немесе әртүрлі заңды тұлғалардың өкілдері болып табылатын екі және одан да көп тұлға кіре алмайды. Бұл шектеу Қор құрылтайшыларының өкілдеріне қолданылмайды. Қордың құрылтайшылары немесе олардың өкілдері қамқоршылық кеңес құрамының үштен бірінен аспайтын бөлігін құрауы мүмкін.

Қор өздеріне жүктелген функцияларды орындағаны үшін Қордың қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне және консультативтік-кеңесші органдарының мүшелеріне сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылы емес.

Қамқоршылық кеңесінің шешімдері қамқоршылық кеңесінің отырысында ашық дауыс беру арқылы қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады, кворум болған жағдайда (жалпы мүшелер санының жартысынан көбі қатысса).

Дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс Қамқоршылық кеңесінің Төрағасына тиесілі.

и порядок их осуществления в случаях, если договором целевого вклада не определены указанные условия;

- 25) согласовывает представленный исполнительным органом договор целевого вклада, на основании которого формируется и (или) пополняется эндаумент-фонд (целевой капитал);
- 26) ежегодно утверждает план информационно-разъяснительной работы Фонда по его направлениям деятельности;
- 27) утверждает положение об оплате труда и премировании работников Фонда;
- 28) принимает решение о передаче в доверительное управление активов эндаумент-фонда (целевого капитала).

21. Попечительский совет формируется из числа учредителей Фонда (их представителей), вкладчиков (их представителей), граждан и представителей юридических лиц, имеющих заслуги перед обществом, авторитет и (или) достижения в области, соответствующей целям деятельности Фонда.

В состав попечительского совета не могут входить два и более лица, являющихся представителями одного юридического лица или разных юридических лиц, являющихся аффилированными лицами Фонда. Данное ограничение не распространяется на представителей учредителей Фонда. Учредители Фонда или их представители могут составлять не более одной трети состава попечительского совета.

Фонд не вправе осуществлять выплату вознаграждения членам попечительского совета и членам консультативно-совещательных органов за выполнение возложенных на них функций.

Решения Попечительского совета принимаются на заседании открытым голосованием простым большинством голосов от числа присутствующих членов Попечительского совета, при наличии кворума (более половины от общего числа членов).

В случае равенства голосов решающий голос принадлежит Председателю Попечительского совета.

Қабылданған шешімдер отырыс хаттамасымен ресімделеді, хаттамаға Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы және хатшысы қол қояды.

Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан Қамқоршылық кеңесінің өкілеттік мерзіміне Қамқоршылық кеңесінің қатысқан мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданған шешімімен сайланады.

Қамқоршылық кеңесінің қызметін қамтамасыз ету Қамқоршылық кеңесінің хатшысы арқылы жүзеге асырылады, ол Қамқоршылық кеңесінің шешімімен кеңес мүшелерінің немесе Қор қызметкерлерінің ішінен тағайындалады.

22. Қамқоршылық кеңестің бастапқы құрамын Қордың құрылтайшылары бекітеді және жеті мүшеден кем болмауы тиіс.

Қордың Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бес жылдан (5 жылдан) аспауға тиіс.

23. Эндаумент (нысаналы салымның) мөлшері соңғы есепті күні эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) он пайызынан астамын құрайтын салымшы өзін немесе өз өкілін қамқоршылық кеңестің құрамына енгізуді талап етуге құқылы. Бұл жағдайда қамқоршылық кеңес осындай салымшыны немесе оның өкілін салымшының тиісті талабын алған күннен бастап бір ай ішінде, егер мұндай енгізу Жарғының 21-тармағына қайшы келмесе, қамқоршылық кеңестің құрамына енгізу туралы шешім қабылдауға міндетті.

6-тарау. Атқарушы орган

24. Атқарушы орган Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Жеке-дара атқарушы орган – Қордың Директоры.

Қор Директорын тағайындау және оның өкілеттік мерзімін белгілеу Қамқоршылық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

Директордың өкілеттік мерзімі 5 (бес) жылдан аспауға тиіс. Директор

Принятые решения оформляются протоколом заседания, который подписывается Председателем и секретарем Попечительского совета.

Председатель Попечительского совета избирается из числа членов Попечительского совета на срок полномочий Попечительского совета решением Попечительского совета большинством голосов присутствующих членов

Обеспечение деятельности Попечительского совета осуществляется секретарем Попечительского совета, который назначается решением Попечительского совета из числа членов Попечительского совета или работников Фонда.

22. Первоначальный состав попечительского совета утверждается учредителями Фонда и не может быть менее семи членов.

Срок полномочий членов Попечительского совета на более 5 (пяти) лет.

23. Вкладчик, размер эндаумента (целевого вклада) которого составляет более десяти процентов эндаумент-фонда (целевого капитала) на последнюю отчетную дату, вправе потребовать включить себя или своего представителя в состав попечительского совета. В этом случае попечительский совет обязан принять решение о включении такого вкладчика или его представителя в состав попечительского совета в течение одного месяца со дня получения соответствующего требования вкладчика при условии, что такое включение не противоречит пункту 21 Устава.

Глава 6. Исполнительный орган

24. Руководство текущей деятельностью Фонда осуществляется исполнительным органом.

Единоличный исполнительный орган – Директор Фонда.

Назначение Директора Фонда и определение срока его полномочий осуществляется решением Попечительского совета.

Срок полномочий Директора не может превышать 5 (пяти) лет. Директор может

жаңа мерзімге шектеусіз қайта сайлануы мүмкін.

Қордың Директоры Заңмен және Жарғымен қамқоршылық кеңестің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қордың қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады және қамқоршылық кеңеске есеп береді.

Қордың Директорының шешімдері бұйрықпен ресімделеді.

Қордың Директоры қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындауға міндетті.

25. Қордың Директоры:

- 1) қамқоршылық кеңестің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қор атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) өз құзыреті шегінде үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қордың атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін қоспағанда, Қордың жұмыскерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, штат кестесіне және Қор жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларға сыйлықақы беру туралы ережеге сәйкес, Қор жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыға дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді;
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін Қордың басқа қызметкеріне біріне жүктейді;
- 6) Қор қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөледі, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда;
- 7) пайда алушылардың ұсыныстарын ескере отырып, эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 8) эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламаларын қамқоршылық кеңеске бекітуге енгізеді;
- 9) қамқоршылық кеңес бекіткен эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) қайырымдылық бағдарламаларын орындайды;

быть переизбран на новый срок неограниченное число раз.

Директор Фонда осуществляет текущее руководство деятельностью Фонда, за исключением вопросов, отнесенных Законом и Уставом к исключительной компетенции попечительского совета, и подотчетен попечительскому совету.

Решения Директора Фонда оформляются приказом.

Директор обязан исполнять решения попечительского совета.

25. Директор Фонда:

- 1) организует выполнение решений попечительского совета;
- 2) действует без доверенности от имени Фонда в отношениях с третьими лицами;
- 3) выдает доверенности на право представления Фонда в его отношениях с третьими лицами в пределах своей компетенции;
- 4) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Фонда (за исключением случаев, установленных Законом), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов работников Фонда и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием и положением об оплате труда и премировании работников Фонда, за исключением работников службы внутреннего аудита;
- 5) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на иного работника Фонда;
- 6) распределяет обязанности между работниками Фонда, за исключением работников службы внутреннего аудита;
- 7) обеспечивает разработку благотворительных программ эндаумент-фонда (целевого капитала) с учетом предложений выгодополучателей;
- 8) вносит благотворительные программы эндаумент-фонда (целевого капитала) на утверждение попечительскому совету;
- 9) выполняет благотворительные программы эндаумент-фонда (целевого капитала), утвержденные попечительским советом;

<p>10) қамқоршылық кеңес бекіткен Қордың қызмет бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысының жоспарын әзірлейді және орындайды.</p> <p>26. Қордың Директоры қамқоршылық кеңестің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.</p> <p>Қордың Директоры басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы лауазымын немесе атқарушы орган функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаның филиалының немесе өкілдігінің басшысы лауазымын атқаруға құқылы емес.</p> <p>Қордың Директоры функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Жарғыда, сондай-ақ Қордың Директоры мен Қор арасында жасалатын еңбек шартында белгіленеді.</p> <p>Қордың атынан Қордың Директорымен еңбек шартына қамқоршылық кеңестің төрағасы немесе оған Қамқоршылық кеңес уәкілеттік берген адам қол қояды.</p> <p>27. Қордың Директоры қамқоршылық кеңестің құрамына кірмейді.</p> <p>28. Салымшы мен оның өкілдерінің, сондай-ақ Қордың үлестес тұлғаларының қордың директоры лауазымын атқаруға құқығы жоқ.</p> <p>29. Қордың үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ашу тәртібі Жарғыда белгіленеді.</p> <p>30. Қордың Директоры өз міндеттерін орындау кезінде Қордың мүддесінде әрекет етуге тиіс.</p>	<p>10) разрабатывает и выполняет утвержденный попечительским советом план информационно-разъяснительной работы Фонда по его направлениям деятельности.</p> <p>26. Директор Фонда вправе работать в других организациях только с согласия попечительского совета.</p> <p>Директор Фонда не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, другого юридического лица либо занимать должность руководителя филиала или представительства иностранного юридического лица.</p> <p>Функции, права и обязанности Директора Фонда устанавливаются Законом, законами Республики Казахстан, Уставом, а также трудовым договором, который заключается между Директором Фонда и Фондом.</p> <p>Трудовой договор от имени Фонда с Директором Фонда подписывается председателем попечительского совета или лицом, уполномоченным на это попечительским советом.</p> <p>27. Директор Фонда не входит в состав попечительского совета.</p> <p>28. Вкладчик и его представители, а также аффилированные лица Фонда не имеют права занимать должность Директора Фонда.</p> <p>29. Порядок раскрытия сведений об аффилированных лицах фонда целевого капитала устанавливается Уставом.</p> <p>30. При выполнении своих обязанностей Директора Фонда должен действовать в интересах Фонда.</p>
<p style="text-align: center;">7-тарау. Ішкі аудит қызметі</p> <p>31. Қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыру және ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін ішкі аудит қызметі құрылады.</p> <p>32. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері қамқоршылық кеңестің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.</p>	<p style="text-align: center;">Глава 7. Служба внутреннего аудита</p> <p>31. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью и обеспечения внутреннего контроля создается служба внутреннего аудита.</p> <p>32. Работники службы внутреннего аудита не могут быть избраны в состав попечительского совета или исполнительного органа.</p>

Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін қамқоршылық кеңестің келісімінсіз жұмыстан шығаруға жол берілмейді.

Қамқоршылық кеңесінің шешімімен ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі және қызметке тағайындалуы жүзеге асырылады.

Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттік мерзімі 5 (бес) жылдан аспауға тиіс. Ішкі аудит қызметі қызметкерлері жаңа мерзімге шектеусіз қайта сайлануы мүмкін.

33. Ішкі аудит қызметі тікелей Қамқоршылар кеңеске бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

34. Ішкі аудит қызметі:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Қор қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейтін Қордың ішкі құжаттарының сақталуын тексереді;
- 2) қаражатты мақсатсыз пайдалану және фидуциарлық міндеттемелерді бұзу жағдайларын анықтайды;
- 3) жыл сайын өткен жылдың аудиторлық есебін бекіту үшін қамқоршылық кеңеске ұсынады, қажет болған кезде анықталған және (немесе) ықтимал бұзушылықтардың бар екендігі туралы түсіндірме жазбаны аудиторлық есепке қоса береді;
- 4) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес құрылған аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңеспен, сондай-ақ қажет болған кезде басқа да аудиторлық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

35. Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасының, Жарғының және Қор қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейтін Қордың ішкі құжаттарының анықталған және (немесе) ықтимал бұзушылықтардың бар екендігі туралы тікелей қамқоршылық кеңестің төрағасына хабарлауға міндетті.

8-тарау. Салымшылардың құқықтары мен міндеттері

36. Салымшылар:

Не допускается увольнение работников службы внутреннего аудита без согласования с попечительским советом.

Количественный состав, срок полномочий и назначение на должность работников службы внутреннего аудита осуществляется решением Попечительского совета.

Срок полномочий работников службы внутреннего аудита не может превышать 5 (пяти) лет. Работники службы внутреннего аудита могут быть переизбраны на новый срок неограниченное число раз.

33. Служба внутреннего аудита непосредственно подчиняется Попечительскому совету и отчитывается перед ним о своей работе.

34. Служба внутреннего аудита:

- 1) проверяет соблюдение законодательства Республики Казахстан, Устава и внутренних документов Фонда, устанавливающих порядок осуществления деятельности Фонда;
- 2) выявляет случаи нецелевого использования средств и нарушений фидуциарных обязательств;
- 3) ежегодно представляет аудиторский отчет за истекший год для его утверждения попечительскому совету с приложением при необходимости пояснительной записки к аудиторскому отчету о наличии выявленных и (или) потенциальных нарушений;
- 4) взаимодействует с профессиональным советом по аудиторской деятельности, созданным в соответствии с законодательством Республики Казахстан об аудиторской деятельности, а также при необходимости с другими аудиторскими организациями.

35. Служба внутреннего аудита обязана сообщать непосредственно председателю попечительского совета о наличии выявленных и (или) потенциальных нарушений законодательства Республики Казахстан, Устава и внутренних документов Фонда, устанавливающих порядок осуществления деятельности Фонда.

Глава 8. Права и обязанности вкладчиков

36. Вкладчики имеют право:

- 1) талап ету бойынша Қордың қызметі, оның қаржылық жағдайы және эндаумент-қор (нысаналы капитал) активтерінің пайдаланылуы туралы ақпарат алуға;
- 2) эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) Заңға және Жарғыға сай келетін қайырымдылық бағдарламаларын ұсынуға;
- 3) егер бұл Жарғыда көзделсе, Қордың консультативтік-кеңесші органдарының және (немесе) басқару органдарының қызметіне қатысуға;
- 4) Заңға, Қордың құрылтай және ішкі құжаттарына сәйкес Қорды басқаруға қатысуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын Қордың басқару органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе шешімдеріне шағым жасауға;
- 6) нысаналы салым шартының мерзімі өткен, эндаумент-қор (нысаналы капитал) таратып жіберілген жағдайларда және нысаналы салым шартында көзделген өзге де жағдайларда эндаументті (нысаналы салымды) қайтаруды талап етуге құқығы бар.

37. Салымшылар:

- 1) Қордың консультативтік-кеңесші органдарының және (немесе) басқару органдарының қызметіне қатысқан жағдайда Жарғыны сақтауға;
- 2) жасалған нысаналы салым шарттарына сәйкес мүлікті эндаумент-қорға (нысаналы капиталға) беруді уақтылы және толық жүзеге асыруға;
- 3) Қордың қызметіне және жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуге, Қордың қызметіне өзінің қатысуын Жарғыға және құрылу мақсаттарына қайшы келетін мақсаттарда пайдаланбауға міндетті.

38. Салымшылардың Қорды басқаруға қатысуы салымшыларды немесе олардың өкілдерін Қордың қамқоршылық кеңесіне және (немесе) консультативтік-кеңесші органдарына қосу арқылы іске асырылады.

39. Салымшылардың немесе олардың өкілдерінің Қорды басқаруға қатысуы оларға эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) активтеріне меншік құқықтарын беруге алып келмейді.

40. Салымшылар немесе олардың өкілдері Қорды басқаруда өздеріне жүктелген

- 1) получать по требованию информацию о деятельности Фонда, его финансовом состоянии и использовании активов эндаумент-фонда (целевого капитала);
- 2) предлагать благотворительные программы эндаумент-фонда (целевого капитала), соответствующие Закону и Уставу;
- 3) участвовать в деятельности консультативно-совещательных органов и (или) органов управления Фонда, если это предусмотрено Уставом;
- 4) участвовать в управлении Фондом в соответствии с Законом, учредительными и внутренними документами Фонда;
- 5) обжаловать действия (бездействие) или решения органов управления Фонда, которые нарушают их права и законные интересы, в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
- 6) требовать возврата эндаумента (целевого вклада) в случаях истечения срока договора целевого вклада, расформирования эндаумент-фонда (целевого капитала) и иных, предусмотренных договором целевого вклада.

37. Вкладчики обязаны:

- 1) соблюдать Устав в случае участия в деятельности консультативно-совещательных органов и (или) органов управления Фонда;
- 2) своевременно и полностью осуществлять передачу имущества в эндаумент-фонд (целевой капитал) в соответствии с заключенными договорами целевого вклада;
- 3) не препятствовать деятельности и функционированию Фонда, не использовать свое участие в деятельности Фонда в целях, противоречащих Уставу и целям создания.

38. Участие вкладчиков в управлении Фондом реализуется через включение вкладчиков или их представителей в попечительский совет и (или) консультативно-совещательные органы.

39. Участие вкладчиков или их представителей в управлении Фондом не влечет за собой передачу им прав собственности на активы эндаумент-фонда (целевого капитала).

40. Вкладчики или их представители не вправе получать вознаграждения за выполнение

функцияларды орындағаны үшін сыйақы алуға құқылы емес.

9-тарау. Қордың мүлкі

41. Қордың Жарғыда көзделген Қор қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті меншігінде, сенімгерлік және жедел басқаруында мүлкі болуы мүмкін.

42. Оның құрылтайшысы Қорға берген мүлік Қордың меншігі болып табылады.

Құрылтайшылардың Қор мүлкіне мүліктік құқығы жоқ және міндеттемелерін орындамаған жағдайда Жарғымен бекітілген тәртіпте құрылтайшылардың жалпы жиналысымен Қордан шығарылуы мүмкін.

43. Қордың мүлкі:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың ерікті қайырмалдықтарынан;
- 2) сенімгерлік басқару шарты (шарттары) бойынша берілген мүліктен;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың нысаналы салым шарты (шарттары) бойынша берілген эндаументтерінен (нысаналы салымдарынан);
- 4) Қор құрылтайшыларының жарналарынан;
- 5) эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кірістерден тұрады.

44. Нысаналы салым шарты шеңберінде берілген мүлікті қоспағанда, эндаумент-қорға (нысаналы капиталға) енгізілген мүлік Қордың меншігіне айналады.

45. Құрылтайшылар сыйға тарту, қайырмалдық, нысаналы салым шарты (шарттары), сондай-ақ өсиет бойынша Қорға енгізген және беретін мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбауға тиіс.

10-тарау. Қордың қаржылық және бухгалтерлік есептілігі мен аудиті

46. Қордың бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық

возложенных на них функций в управлении Фондом.

Глава 9. Имущество Фонда

41. Фонд может иметь в собственности, в доверительном и оперативном управлении имущество, необходимое для материального обеспечения деятельности Фонда, предусмотренной Уставом.

42. Имущество, переданное Фонду его учредителями, является собственностью Фонда.

Учредители Фонда не имеют имущественных прав на имущество Фонда и за невыполнение обязательств могут быть исключены из Фонда общим собранием учредителей в порядке, установленном Уставом.

43. Имущество Фонда состоит из:

- 1) добровольных пожертвований от физических и юридических лиц;
- 2) имущества, переданного по договору (договорам) доверительного управления;
- 3) эндаументов (целевых вкладов) от физических и юридических лиц, переданных по договору (договорам) целевого вклада;
- 4) взносов учредителей Фонда;
- 5) инвестиционных доходов от управления активами эндаумент-фонда (целевого капитала).

44. Имущество, внесенное в эндаумент-фонд (целевой капитал), становится собственностью Фонда, за исключением имущества, переданного в рамках договора целевого вклада.

45. Имущество, внесенное и передаваемое учредителями в Фонд по договору (договорам) дарения, пожертвования, целевого вклада, а также завещанию, не должно быть обременено правами третьих лиц.

Глава 10. Финансовая и бухгалтерская отчетность и аудит Фонда

46. Порядок ведения бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности Фонда устанавливается законодательством Республики

есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалады.

47. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) меншікті қаражаты мен активтері бойынша бөлек бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және қаржылық есептілікті ұсынады.
48. Бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды атқарушы орган жүзеге асырады.
49. Атқарушы орган жыл сайын қамқоршылық кеңеске бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.
50. Қордың қаржы жылы 1 қаңтардан 31 желтоқсанды қоса алғандағы күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады.
51. Қор жылдық қаржылық есептілікке тәуелсіз аудит жүргізуге міндетті.

11-тарау. Қордың қызметі туралы ақпаратты жариялау

52. Қор жыл сайын өзінің ресми интернет-ресурсында жылдық қаржылық есептілікті, аудиторлық қорытындыны, эндаумент-қорлардың (мақсатты капиталдардың) қайырымдылық бағдарламаларын орындау туралы есепті, мақсатты капитал қорының меншікті қаражаты мен эндаумент-қордың (мақсатты капиталдың) активтерін пайдалану туралы есепті, сондай-ақ мақсатты капитал қорының әкімшілік-басқару шығыстары бойынша есепті Қамқоршылық кеңес оларды бекіткеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде жариялауға міндетті.

12-тарау. Қордың филиалдары мен өкілдіктері

53. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Оларға Қордың мүлкі беріледі және бекітілген ереже негізінде әрекет етеді.

Қазақстан о бухгалтерском учете, финансовой отчетности и международных стандартами финансовой отчетности.

47. Фонд ведет бухгалтерский учет и представляет финансовую отчетность отдельно по собственным средствам и активам эндаумент-фонда (целевого капитала) в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.
48. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности осуществляются исполнительным органом.
49. Исполнительный орган ежегодно представляет попечительскому совету годовую финансовую отчетность за истекший год, аудит которой был проведен в соответствии с законодательством Республики Казахстан об аудиторской деятельности, для ее утверждения.
50. Отчетным периодом для годовой финансовой отчетности является календарный год с 1 января по 31 декабря включительно.
51. Фонд обязан проводить независимый аудит годовой финансовой отчетности.

Глава 11. Публикация информации о деятельности Фонда

52. Фонд обязан ежегодно публиковать на своем официальном интернет-ресурсе годовую финансовую отчетность, аудиторский отчет, отчет о выполнении благотворительных программ эндаумент-фондов (целевых капиталов), отчет об использовании собственных средств фонда целевого капитала и активов эндаумент-фонда (целевого капитала) и отчет по административно-управленческим расходам фонда целевого капитала в течение тридцати календарных дней после их утверждения попечительским советом.

Глава 12. Филиалы и представительства Фонда

53. Филиалы и представительства не являются юридическими лицами. Они наделяются имуществом Фонда и действуют на основании утвержденного положения.

Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және Қор балансында есепке алынады.

54. Филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын тағайындау, шеттету тәртібі, Қазақстан Республикасының заңдарында және Жарғыда белгіленеді.

13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

55. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қамқоршылық кеңестің тиісті шешім қабылдауы арқылы жүзеге асырылады.

14-тарау. Қорды тарату

56. Қор ерікті түрде немесе мәжбүрлеп таратылуы мүмкін.

57. Қорды ерікті түрде тарату туралы шешімді қамқоршылық кеңес не құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген Қор органы қабылдайды.

Қорды ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдаған Қор органы тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Заңға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қорды тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

58. Қорды мәжбүрлеп таратуды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен сот жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар сотқа Қорды тарату туралы талап қоюы мүмкін.

59. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Қордың мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады. Тарату комиссиясы таратылатын Қор атынан сотқа катысады.

Тарату комиссиясының құрамы Қор қызметінің өзіндік ерекшелігі ескеріліп, мынадай катысушылар:

Имущество филиала или представительства учитывается на отдельном балансе и на балансе Фонда.

54. Порядок назначения, отстранения руководителей филиалов и представительств устанавливаются законами Республики Казахстан и Уставом.

Глава 13. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

55. Внесение изменений и дополнений в Устав осуществляется путем принятия попечительским советом соответствующего решения.

Глава 14. Ликвидация Фонда

56. Фонд может быть ликвидирован добровольно или принудительно.

57. Решение о добровольной ликвидации Фонда принимается попечительским советом либо органом Фонда, уполномоченным на то учредительными документами.

Орган Фонда, принявший решение о добровольной ликвидации Фонда, назначает ликвидационную комиссию и устанавливает порядок и сроки ликвидации Фонда в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом и законами Республики Казахстан.

58. Принудительная ликвидация Фонда осуществляется судом в случаях и порядке, которые предусмотрены законами Республики Казахстан.

Требование о ликвидации Фонда может быть предъявлено в суд заинтересованными лицами, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан.

59. С момента назначения ликвидационной комиссии к ней переходят полномочия по управлению имуществом и делами Фонда. Ликвидационная комиссия от имени ликвидируемого Фонда выступает в суде.

Состав ликвидационной комиссии определяется с учетом специфики деятельности Фонда с обязательным включением следующих участников:

- 1) қамқоршылық кеңес өкілдері;
- 2) атқарушы органның өкілдері;
- 3) ішкі аудит қызметінің өкілдері;
- 4) Қордың басқару органдарының құрамына кірмейтін салымшылардың өкілдері міндетті түрде енгізе отырып айқындалады.

60. Қор таратылған кезде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік Жарғыда көрсетілген мақсаттарға жіберіледі.

Оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында реттеледі.

61. Қорды тарату туралы ақпарат тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оның ресми интернет-ресурсында міндетті түрде жариялануға тиіс. Жариялау міндеті тарату комиссиясына жүктеледі.

15-тарау. Қорытынды ережелер

62. Жарғымен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

- 1) представителей попечительского совета;
- 2) представителей исполнительного органа;
- 3) представителей службы внутреннего аудита;
- 4) представителей вкладчиков, не входящих в состав органов управления Фонда.

60. При ликвидации Фонда оставшееся после удовлетворения требований кредиторов имущество направляется на цели, указанные в Уставе.

Порядок удовлетворения требований его кредиторов регулируется законами Республики Казахстан.

61. Информация о ликвидации Фонда подлежит обязательной публикации на его официальном интернет-ресурсе в течение тридцати календарных дней после принятия решения о ликвидации. Обязанность по публикации лежит на ликвидационной комиссии.

Глава 15. Заключительные положения

62. Отношения, не урегулированные Уставом, регламентируются законодательством Республики Казахстан.

Прошито и пронумеровано
на 16 листах

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТтік МЕКЕМЕСІ

**БАРЛЫҚ
НӨМІРЛЕНГЕНІ,
ТІРКЕЛГЕНІ**

10 ПАРАҚ

2026 ж. « 10 » наурыз ЖҮРГІЗІЛДІ